

Созақ ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 қазандағы № 216 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 қарашада № 2886 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 қыркүйектегі № 191 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 26.09.2018 № 191 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Созақ ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен 3,8 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Созақ аудандық мәслихатының
кезектен тыс XXXVI
сессиясының төрағасы
Созақ аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б.Тұрғанбаев

М.Исаев